



«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханас
КММ Әдістеме–библиография бөлімі

«Ұлттық рух жаршысы»



ақын, журналист, сықақшы, әуесқой сазгер Марат
Нұрқалиевтің туғанына 70 жыл/

(Библиографиялық жаднама)

Арқалық 2024

«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханас
КММ Әдістеме–библиография бөлімі

*/ақын, журналист, сықақшы, әуесқой сазгер Марат Нұрқалиевтің
туғанына 70 жыл/*

(Библиографиялық жаднама)

Арқалық 2024

ӘОЖ 821,512,122

КБЖ 91,9

Ұ 47

Құрасты., компьютер. терген: Т. С. Қойшыбаева

Жауапты ред.: Ж. Қ. Абжанова

Құрастырушы: Т. С. Қойшыбаева

Шығарылымға жауапты: С. А. Алматыва

Мұқабаны безендірген: Т.С. Қойшыбаева

Редактор: Ж. Қ. Абжанова

(Ұлттың рух жаршысы... [Мәтін] ақын , журналист, сықақшы, әуесқой сазгер
Марат Нұрқалиевтің туғанына – 70 жыл толуына арналған) :

Библиографиялық жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы,Әдістеме-библиография бөлімі;[құраст.; Т. С.

Қойшыбаева ; шығарылымға жауапты: С. А. Алматыва ; ред: Ж. Қ. Абжанова
]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі ақын , журналист, сықақшы, әуесқой сазгер,
Марат Нұрқалиевтің туғанына 70 жыл толуына арналған жаднама
дайындады. Жаднамада Марат Нұрқалиевтің өмірі туралы, сондай-ақ
шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.


ӘОЖ 821,512,122

КБЖ 91,9


Ұ 47

Танылып қалған талант еді


Нұрқалиев Марат Тұрсынбекұлы 6 ақпан 1954 жылы туған, журналист, ақын, сықақшы, әуесқой сазгер. Қызыләскер орта мектебін бітіріп 1971 – 76 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыған. Еңбек жолын Арқалық қаласындағы «Маздақ» фольклорлық – этнограф ансамблінде әнші болып бастаған. Торғай облысы «Торғай таңы» газетінде, «Қайнар» баспасында, сатиралық «Ара» журналында қызмет атқарды. Мараттың өлеңдері «Тың тынысы», «Алты әзілкеш», «Арман қанатында» ұжымдық жинақтарына енген. 1985 жылы «Темір телпек» атты сықақ өлеңдері жарыққа шықты. Мәтінін өзі жазған «Қызғалдақ теріп жүрмісің», «Сол бір айел», «Қыз Жібек сенбісің», «Ардагер әке» «Көңілді қыс», «Арман-дәурен», т.б. әндері бар. Қаламгердің көзі тірісінде өзі құрастырған әзіл әңгімелер жинағы «Жалын» баспасының қорында сақталған. Жангелдин ауданында қарасты «Қызыләскер» ауылындағы бір көшеге ақын есімі берілген. Торғайдағы А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың мұражайында Мараттың өмірі мен шығармашылық қызметін баяндайтын арнайы бұрыштары ұйымдастырылған.



Ол туралы кітаптары



Арпалысқа толы қым-қуыт өмірде отыз үш жыл ғана ғұмыр кешкен Марат Нұрқалиев нағыз сайыпқыран қазақ еді. Прозашы, ақын, журналист, домбырашы, гитарашы, әнші, аудармашы, суретші. Әсіресе сатиралық туындылары кімді болсын елең еткізбей қоймайтын, екі тілде бірдей жазатын Мараттың соңында қалған әдеби мұрасының денін осы жинаққа енгіздік. Өмірдің небір нәзік иірімдерімен адам мінездеріне терең бойлауы бәрімізді де таңқалдырғандай. Мараттың ерекше бір қыры: өте байқағыштығы, тым сезімталдығы. Кітапқа ой көзімен үңілген жан өзгеше әлемге араласқандай күй кешетіні бар.



Ол туралы жариялымдары

Нұрқалиев, Марат. "Әудемжер" [Мәтін] : [әзіл әңгіме] / М. Нұрқалиев // Торғай таңы. – 1993. – 3 қыркүйек. – Б. 4.

Нұрқалиев, Марат. Кім жазықты?; Қарға, қарға, қарғалар... [Мәтін] : сықақтар / М. Нұрқалиев // Торғай таңы. – 1979. – 14 шілде..

Нұрқалиев, Марат. Қара есеп ; Сынның сықпыты [Мәтін] : [өлеңдер] / М. Нұрқалиев // Торғай таңы. – 1981. – 13 маусым. – Б. 4.

Нұрқалиев, Марат. Қия алмай барамыз [Мәтін] : [Арқалық педагогика училищесі алғашқы түлектері] / М. Нұрқалиев // Торғай таңы. – 1982. – 26 февраль. – 4 б..

Қыдырбек, Әбдірахман. Жасын ғұмыр [Мәтін] : [белгілі сатира сарбазы, марқұм Марат Нұрқалиевтің "Жасын ғұмыр" кітабының тұсаукесері] / Ә. Қыдырбек ; суреттерді түсірген Ерлан Омаров // Егемен Қазақстан. – 2013. – 14 ақпан. – Б. 9..

Марат Нұрқалиевтің Отбасы



Марат, Базаркүл және тұңғыштары – Дастан. 1979 ж.



Қаламгер отбасы: Марат, Дастан, Руслан, Әйгерім, Базаркүл. 1984 ж.



Қаламгер әкесі Тұрсынбек



Марат Нұрқалиев. 1979 ж.



Қаламгер анасы Сағиламен бірге. 1967 ж.



Ұлықбек Есдәулет, Бейсенкүл, Марат Нұрқалиев. 1977 ж.



ҚазМУ-дың 1976 жылғы түлектері Алматыда бас қосты.
Алдыңғы қатарда сол жақтан екінші тұрған Марат Нұрқалиев. 1986 ж.



Солдан оңға қарай: Сайлаубай, Төратай, Марат, Нұртілеу. 1974 ж.




*Площадь им. В.И. Ленина
Алма-Ата 1973г.**

*Мараттың достары және шетелдік студенттер.
Төменгі қатар, солдан оңға қарай: Марат, Ұлықбек, Сағидолла
Жоғарғы қатар: Нұртөлеу (солдан оңға қарай бірінші), Қонысбай (солдан оңға
қарай үшінші), Бакберген (оң жақта бірінші). 1973 ж.*



Марат Нұрқалиев. 1973 ж.



Марат белгілі карикатурашы Н. Казанцевпен бірге көрмеде. 1984 ж.



Марат Нұрқалиев. 1975 ж.



Марат курстасы Ербол және
Бейбітбекпен бірге. 1972 ж.



Солдан оңға қарай: Мараттың жұбайы ұрпақтарымен бірге.
Әйгерім, Әлихан, Руслан, Серік, Мәдина, Базаркүл, Дастан, Нұргүл.
Алдыңғы қатарта: Аянат, Хамит. 2011 ж.



Мараттың үлкен ұлы Дастан жұбайы Мәдина және ұлы Әлібекпен. 2010 ж.



Мараттың кіші ұлы Руслан жұбайы Нұргүл және балалары Аянат, Хамитпен бірге. 2010 ж.




Мараттың қызы Әйгерім жұбайы Серік және ұлы Әлиханмен бірге. 2010 ж.



Мараттың жары Базаркүл немерелерімен.
Оңнан солға қарай: Сұлтан-Бейбарыс, Хамит, Әлихан, Аянат. 2009 ж.

СЫННЫҢ СЫҚПЫТЫ

«Сын болсын,
Сын шын болсын!»
Деген ұран ұстап,
– Тек әділ айтамыз! – деп,
Біреу нан,
Біреу құран ұстап,
Ант бердік.
Бірақ біразымыз
Ә дегенде жалт бердік.
Өйткені бір мықтының
Кітабын талқылағанбыз.
Сөзіміз сұйылып,
«жалпылағанбыз».
(Бала-шағамыз бар,
Күнкөрістің адамымыз).
– Объектісі
Соғыстан кейінгі дәуір екен,
Идеясы мен мазмұны
Былайша тәуір екен, –
Деп бір «сыншы» сипақтады,
Мен де қипақтадым:
– Тілі өткір –
Шаштараздың ұстарасы,
Әйбат екен, әсіресе,
мұқабасы...
– Басты кейіпкердің
образы ұнайды...
Бәрінен де кітаптың
Тиражын айт! –
Деп біреудің сілекейі шұбырды.
Әйтеуір,
Сөзіміз мың құбылды.
Жан болмады
Мақтауын аяп қалған,
Осыменен талқылау аяқталған.
Мықтының кітабында
мін бола ма!..



Хат

Көктегі күнім,
Аспандағы айым,
Төбемдегі жұлдызым!
Күлім көзім, құндызым!
Амандықтың арқасында
шауып жүрмісің.
Әлде менен басқаны
тауып жүрмісің.
Серттен сөйтіп
ауып жүрмісің?!
Соңғы кезде
хаттарың сиреп,
Бойымды бір күдік билеп,
Босап жүр жүйке-жүйем,
Мен сені бұрынғыша сүйем!
Жағдайым қалыпша,
есебім түгел, Тек сен ғана жетпей жүрсің.
Күндіз ойымнан,
Түнде түсімнен
кетпей жүрсің.
Жақында бір түсімнен
шошып қалдым,
(Зря мен сені Алматыда оқытқанмын!)
Ресторанда бір сұмырай
Саған елжіреп
үзіліп отыр екен,
Сөлкебайдай көздеріңе
Сүмірейіп сүзіліп отыр екен...
Сол арада талып қалдым,
Әйтеуір, оянып кетіп,
Жанымды аман алып қалдым...
Байқа! Істің аяғы насырға шауып,
Дау-дамай ұрыс болар,
Қысқасы,
Институтыңнан
сұранып,
Қайтып келгенің
дұрыс болар...
Хатымды осымен аяқтаймын.
Сағынышты сәлеммен,
Өзіңнің Саяқбайың...



Платформаңнан айналдым!

Ән үшін әуелі
Әсем ырғақ керек,
Ал сөз жағын ақын ағайындар
Аузыңды ашып-жұмғанша
Аңыратып жырлап береді,
Қазіргі әндердің
Тақырыбы ортақ боп жүр,
Тым терең тақырыпқа
Композиторларымыз шорқақ боп жүр.
Біз де олардан қалыспаймыз,
Яки, махаббаттан асып,
Саясатқа барыспаймыз.
Таптаурын болған соқпақпен
Салып береміз,
Сөйтіп мынадай әнді
Өмірге алып келеміз:
...«Өзіңсің – өмірім, арманым.
Бір ауыз хат-хабар салмадың.
Қаладан, даладан іздедім,
Шарқ ұрып, «қайдалап» зарладым!
...«Паң көйлек, қара бешпет қалды кейін,
Сән берген сымбатыңа джинсі дейін.
Алыстан автобуспен келгенімде
Алдымнан звандатпай келші деймін!»
...«Артық туған Қорланнан,
Айналдым платформаңнан!»
...Көрдіңіз бе,
Ән үшін
Әуелі әсем ырғақ керек...




Түлкіден арыз

– Уа, мысалшы көкелерім,
Арызыма құлақ түр!
Көкейімде көптен бері
Мынадай бір сұрақ жүр:
Заман ғой өзгерді,
Ендеше
Түсінісетін кез келді.
Кезінде
Ұрласа біреу тауықты,
Жаласын түлкіге жауыпты.
Дауласпаймыз –
Бабаларымыз бір иттік жасаған шығар,
Бұйырғанын асаған шығар...
Ал қазір ше!
Құс біткенді Фермаға қамап қоясыңдар,
Шіби түгіл, жұмыртқаны да
Таңбалап, санап қоясыңдар.
Айтпағанда жұмыртқаны,
Тауық дәмін ұмытқалы
Талай заман өтпеді ме!
Солай бола тұрса да,
Түлкі тұқымы көктеді ме?!
Көктемеді, көгермеді.
Ал біз туралы
Қате пікір көнермеді!
Бүгінгі жас жазушы да,
Қасқа бас жазушы да
Түлкі десе,
Тілін безеп шыға келеді,
Қулық-сұмдықты
Біздің атымызға таға береді.
«Бұл байғұстарға Обал болар» демейді,
Араларындағы арамза атаулыны
Бірден бізге теңейді. Мәселен, кейбір
«Кабинеттік» мысалшылар
(Ондай мысалшыдан
Қайбір оңды мысал шығар!) Түлкі түгіл,
Көріп пе екен тірі тауықты?!
Мұндайлар Бізді былай қойғанда,
Әдебиеттеріңе қауіпті!
Иә, солай, ойланыңдар...
Енді «Қызыл кітапқа»
Кірсек те маза бермейсіңдер ме?



Толғау

Құлақ сал, бар ағайын кәрі-жасың,
Көкейге айтқан сөзім ұяласын.
Бұл жерде батыр да өткен, ақын да өткен,
Селдеткен өлең-жырдың дариясын.
Піріме сыйынайын – Нұрхан ақын,
Дәуірдің мадақтаған салтанатын.
Торғайдың тоқсан тарау саласындай,
Самғатқан шартарапқа жыр қанатын.
Торғайдың арнасына жыр тұнады,
Күн сайын жаңаша әуен бұлқынады.
Қырында ару қызы, ерке ұланы
Қырмызы қызғалдақтай құлпырады.
Көсілген Есіл, Торғай арасына,
Көз салшы, қойнауы құт даласына.
Ежелден егіз емген анасындай
Арқаның арғын-қыпшақ баласына.
Торғайым – төрі биік ырысты өлкем,
Секірген ерке киік белі көркем.
Саумалдай самалынан бір сімірші,
Болмайды еш арманың өлсең ертең!
Арудай қолаң шашын суға малған,
Көзіңді ала алмайсың құба талдан.
Секілді балға батқан күміс қасық,
Шолп етсе шорағайы шабақ шалған.
Қонақты қадірлеген қазақ заты,
Ғұрыпты қастерлеген азаматы.
Белдеуде – шабам десең қазмойыны,
Ерттеулі – мінем десең қазанаты.
Телегей-теңіздей дән тербетілген,
Береке, бақыт көрем келбетінен.
Торғайдың торабындай Жерұйықты
Таппайсың шарласаң да Жер бетінен!



Қобыз

Үнінде шері бардай,
назы бардай,
Жүйкені шымырлатқан
сазы қандай.
Бір уыс тостағандай
шанағына
Тарихтың талай сыры
жазылғандай.
Қобыз бен домбыраның
арнасы бір,
Әуені сан ғасырдан
жалғасып жүр.
Аққудың сымбатынан
аумайтұғын
Сызылтып, қыл қобызым,
сарнашы бір!

Жетіген

«Қаратаудың басынан көш ауғанда...»,
Жау қолынан сел болып оқ жауғанда,
Бір атаның жеті бірдей ұланы
Жер құшыпты басын имей жауларға.
Ерлер солай мерт болады елін сүйген,
Жерін сүйген, орманын, көлін сүйген...
...Бір шанаққа ішек тағып жеті түрлі,
Шерменде қарт шертіпті шерін күймен.
«Жас келеді мөлтілдеп қара көзге...»
Қазір мұның бәрі аңыз, заман өзге.
Жеті ұланға қойылған жеті белгі –
Жеті ішекті Жетіген жетті бізге!

Сенбісің Қыз Жібегім?

Әні Ж. Қыдырәлиевтікі
Қалқам, неткен ғажайып көркем едің,
Есімді алып еліктей еркеледің!
Ойың болса басқада – әурелеме,
Жанарыңмен жүректі өртемегін.
Қайырмасы:
Баянбысың, Жібекпісің,
Қалықтаттың, қалқажан,
Жүрек құсын.
Құлап түстім
Аққудай көл бетінде,
Ынтықпын келбетіңе,
Кім екен іздегенің?
Болайын Төлегенің,
Қыз Жібегім!
Ынтықсам да күндіз-түн ажарыңа,
Ілінбей-ақ қойдым-ау назарыңа.
Сонда дағы қайтейін, көніп жүрмін
Махаббаттың азабы, мазағына.
Қайырмасы.

Арман дәурен

Әні Ж. Қыдырәлиевтікі
Адамның шек болған ба арманында,
Тағдырдың кім түспеген қармағына.
«Ат қайда Ақбақайдай» деген әннің
Ауылы бізден шалғай қалғаны ма?
Қайырмасы:
Ахахау арман, дүние жалған,
Жас дәурен қалды-ау кейін салған сайран.
Жалыны кеудесіне сыя алмаған,
Қасым да жас дәуренін қия алмаған.
Ғаламның жеті бірдей ғажабына
Тең келмес жиырма бесін қияр ма адам.
Қайырмасы.

Баспасөз бетіндегі жарияланымдары:

ТАНЫСЫҢыз: ТОРҒАЙ

ӘДЕБИЕТШІЛЕРІ

МАРАТ НУРКАЛИЕВ С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІН БІТІРГЕН. СЫҚАҚ СӨЙЕНДЕРІ МЕН ӘНГІМЕЛЕРІ ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАНЫП ТУРАДЫ. ЖАС ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ «ЖАЛЫН» БАСПАСЫНАН 1980 ЖЫЛЫ ШЫҚҚАН «АРМАН ҚАНАТЫНДА» ДЕП АТАЛАТЫН ЖИНАҒЫНА ӘНГІМЕЛЕРІ ЕНГЕН. ТУҢҒЫШ ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ 1982 ЖЫЛЫ «ЖАЛЫН» БАСПАСЫНАН ЖАРЫҚ КӨРМЕК.

ҚАРА ЕСЕП

Есеп дейді,
Есеп білмеген есек дейді.
Ең жоғары баға — болыды,
«Бес» болыды,
Ал «есек» билетіндердің
Бес есекке жетерлік басында
Бес есекке жетерлік ес болыды.
Сол ес аманда,
Соншама есті саяқтайтын
«Мес» аманда
Есекше есінемей,
Есеп шығарсақ — жаман ба?
X X X
Екіге екі қосылса — төрт болады,
Төрт текек қосылса —
қып-қызды «өрт» болады,
Бесінші бір байғұс — морт болады.
X X X
Бақия бастық болса,
Отыз күн ойын,
Қырық күн тойын
Жасайтын боламыз,
Зымын,
Сонша күн бойы
Совхоздың қойын
Бір-бірімен
«Асайтын» боламыз.
Итөге жетіс түрлі
Жалауын ақті
Жасайтын боламыз!
X X X
«Мал баққанға бітеді» дейсіз,
Ал біз —
«Есебін тапқанға бітесіз» дейміз,
Ол үшін былайша есептейміз.
(Амазғын тауын есептейміз,
Артығын тек жесек дейміз!)
— Жылқылы қостардағы

Бие саны — жеті жүз,
Жылдық жоспардағы
Құлын саны — жеті жүз,
Бұларды түгел ҚОСАТЫН болсақ,
Бәріміз мемлекет меншігіне
Тосатын болсақ — қарыламыз.
Неге біз өйтіп
Қарапайым-қарапайым қарыламыз?
Төк што,
Аққар бергенде АЗАЙТҚАН жөн.
Табияғи құбылыстарға,
«әкпе, ныз» айтқан жөн:
— Жеті жүз биенің
Жетіс құлымға ем атайы,
Елу құлын енесінің
Улына тоймай қойған,
Жетіс құлымға ем атайы,
Еш қонбай қойған,
Сөйтіп шығарған санын
КӨБЕЙТІП,
Көбікке көміп жазамыз,
Бір құмырылған жылқыны
Басшыларым
БӨЛІП аламыз.
Төрт амал түп-түгел,
«Есебін қатес», — десе,
«Есебін қатес», — десе,
Көріп аламыз!

Біріміз нан,
Екішіміз «құран ұстап»
Ант бердік,
Бірақ біразымыз
«Ән» дегенде жалт бердік,
Өйкені,
Бір мықтының кітабын
Талқылағайымыз,
Сөзіміз сүйілген,
«Жалпылағайымыз»
(Бала-шағамыз бар,
Күнберістің адрыммыз).
— Объектісі
Сорғыстан кейінгі дәуір екен
Идеясы мен мазмұны —
Былайша дәуір екен.
Деп бір сыйым сипақтады,
Мен де қыптадым:
— Тілі өткір —
Шаңшарпадың ұстарасы,
Әббат екен,
Әсіресе, мұқабасы...
Басты кейіпкердің
Образы ұнайды.
Бәрінен де
Кітаптың тиражын айтып!
—
Деп біреудің сөзкейі
Шұбырды.
Өйтпей,
Сөзіміз мін құбылды,
Жан болмады
Мұқтауын аяп қалған,
Осыменен
Талқылау аяқталған,
Мықтының кітабында
Мін бола ма!
X X X
Осындай сын болды, әр?
Марат НУРКАЛИЕВ.

СЫННЫҢ СЫҚПЫТЫ

«Сын болсын,
Сын — шын болсын!»
Деген ұран айтамыз!
— Тек әділін айтамыз!
— деп.

Арқалық педагогикалық институтының бірінші кез сөзінің мұқалымы сөзісі.

Жас тұлғалар мемлекеттік емтихан тапсырар алдында балалар бақшаларында өндірістік тәжірибеден өтіп, ол коллективтерден жақсы баға алған болатын. Бір мін, д. п. ала ала алдындағы мауыты сынмен да сүйіске өтті.

— Училище бітірушілердің білімдері мен қабілеттері өте жақсы екен, — дейді мемлекеттік емтихан комиссиясының председатели, Фудниң педагогика училищесінің оқытушысы Абдолла Тасфиёв — В. Павлова, Г. Волкова С. Әбдіхалықова, Г. Айбазева сияқты оқушылар емтихан сұрақтарына сапалы жауап беріп, жақсы нәтижеге қол жеткізіп тұрғандарын мәртебе білді.

— Міне, өмірге жолдама алушылар төменгі курс оқушылары, училище мұғалімдері, ата-аналар асым бекзіндірілген жөн деген жиналды. Бірінші ұйымда болып. Етуір Басып кеткен алтын үймен білін берген аулы ұстаздармен қоштасы сәт тебіренеті. Жас қыздардың күеніш пен тотті мүк ізезі, алмасқан жүздерінен қимастық ренді аңғару қиын емес.

— Құттықтау сөз сөйлеген училище директоры Балкен Игнбеев шәкірттеріне жақсы оқығандары үшін ақ алғыс алып алды өмірде ұстаздар қоллағандық, сонның арқасын училище атына кір келтірмейтін абыройы азамат, есеп де жемісті еңбек нелері болуларына тілек білдірді. Сондай-ақ облыстық халық ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары А. З. Волкова облыстық атқару комитеті председателинің орынбасары М. С. Улиева училище мұғалімдері оқушыларыға иті тілек білдірді.

...Салтанатты жиынның екінші басты сөзі де жетті. Училище директоры Б. Игнбеев оқушыларға диплом тапсыруға жіреті. Үздік оқып, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан Валентина Павлова қызыл диплом табыс етілді. Ол өз тілегі бойынша Есіп ауданына жолдама алған болатын. Жалпы оқу бітіруші елу қыздың қырықтан астамы облыс аудандарында, өз туған шаруашылықтарында еңбек етуге сәт сепар тіледі.

Арқалық қаласындағы эксперименттік «Алау» балалар қолбанында еңбек өтетін болады.

Қоштасу соңында жиналғандар училище көркемнерлер, дарындық концертін тамашалады.

— Қоштасу көз келді! Қиялдан барамыз. Устаздар, сіздерді, Қия аман барамыз!... — Ия, бұл қимас сәт туғандар жүрегінде өмір білім сақталады біз де алғарат! — Жолдарың болсын жас маманлар! — дегіміз келді.

М. НУРКАЛИЕВ.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Училище директоры Б. Игнбеев оқушылармен үздік бітірген В. Павлова қызыл диплом тапсырып тұр. 2. Училище бітірушілердің бір тобы (ортада) группа жетекшісі Б. Рахымжанова, Суретті түсірген Б. ӘДІЛБЕКОВ пен Ж. ЖУНІСОВ.

...Салтанатты жиынның екінші басты сөзі де жетті. Училище директоры Б. Игнбеев оқушыларға диплом тапсыруға жіреті. Үздік оқып, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан Валентина Павлова қызыл диплом табыс етілді. Ол өз тілегі бойынша Есіп ауданына жолдама алған болатын. Жалпы оқу бітіруші елу қыздың қырықтан астамы облыс аудандарында, өз туған шаруашылықтарында еңбек етуге сәт сепар тіледі.

Арқалық қаласындағы эксперименттік «Алау» балалар қолбанында еңбек өтетін болады.

Қоштасу соңында жиналғандар училище көркемнерлер, дарындық концертін тамашалады.

— Қоштасу көз келді! Қиялдан барамыз. Устаздар, сіздерді, Қия аман барамыз!... — Ия, бұл қимас сәт туғандар жүрегінде өмір білім сақталады біз де алғарат! — Жолдарың болсын жас маманлар! — дегіміз келді.

М. НУРКАЛИЕВ.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Училище директоры Б. Игнбеев оқушылармен үздік бітірген В. Павлова қызыл диплом тапсырып тұр. 2. Училище бітірушілердің бір тобы (ортада) группа жетекшісі Б. Рахымжанова, Суретті түсірген Б. ӘДІЛБЕКОВ пен Ж. ЖУНІСОВ.

Мазмұны

| | |
|---------------------------------------|----|
| Танылып қалған талант еді..... | 5 |
| Ол туралы кітаптары..... | 6 |
| Ол туралы жариялымдары..... | 7 |
| Марат Нұрқалиевтің Отбасы..... | 8 |
| Сықак өлеңдер..... | 16 |
| Өлеңдер..... | 20 |
| Баспа сөз бетіндегі жариялымдары..... | 23 |

Шығ. жауапты:..... А. С. Алматова

Құрастырушы:.....С. Т. Қойшыбаева

Редакторы:..... Қ. Ж. Абжанова

Қаріп түрі: Times New Roman.

Басылымның көлемі: 0,5

Таралымы: 3

**«Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru**